

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

**Балалар музыка мектептері және өнер мектептерінің білім алушылары –
жас музыканттардың 48-ші республикалық фестиваль-конкурсының**

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Қарағанды қаласы

2014 жылғы 26-29 наурыз

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасының Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде білім алушылар – жас музыканттардың 48-ші республикалық фестиваль-конкурсы 2014 жылғы 26-29 наурызда Қарағанды қаласында өткізілді.

Конкурс балалар музыка мектептері және өнер мектептеріндегі музыкалық дарынды білім алушылар мен талантты шығармашыл ұжымдарды анықтау және оларға қолдау көрсету, олардың шығармашылық белсенділіктері мен кәсіби бағдарын ынталандыру мақсатында өткізілді.

Конкурс білім алушылардың эстетикалық, адамгершілік және патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, балалардың әр түрлі музыкалық аспаптарда орындауын насихаттау, музыкаға әуестенген ұжым түрлерін жетілдіру және дамыту, білім алушылардың тәрбиелеу, оқыту және тұлғалардың шығармашылық дамытуында балалар музыка мен өнер мектептерін рөлін арттыру, педагогтер мен ұжымдар арасында тәжірибе алмастыруға бағытталған.

Жас музыканттардың 48-ші республикалық конкурсына республикадағы балалар музыка мектептері мен өнер мектептеріндегі ішекті-ысқылы аспаппен ойналатын, үрлемелі және соқпалы аспап сыныптарында білім алатын жас музыканттар қатысты. Конкурсқа Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінен солистер және ансамбльдер қатысты.

Барлығы - 700-ден астам балалар мен педагогтер.

Ішекті-ысқылы аспаппен ойнайтын солистер мен ансамбльдер конкурсы Қарағанды қаласы №2 өнер мектебінің базасында, үрлемелі және соқпалы аспап сыныптарында ойнайтын солистер мен ансамбльдер конкурсы Қарағанды қаласы №2 балалар музыка мектебінің базасында өткізілді.

Конкурс барысында педагогтер үшін шеберлік сыныптары өткізілді.

2014 жылғы 29 наурызда фестиваль-конкурстың жабылу салтанатында жеңімпаздар дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.